

**«Қаражар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**

**Мектеп асханасындағы ыстық тамақты ұйымдастырудағы**

**тексеру қорытындысы туралы**

**Хаттама**

**22.05.2024**

**Қатысқандар: Комиссия төрайымы: Ж.Ш Сулейменова**

**Комиссия мүшелері: ТЖДО А. Құмарбекұлы**

**Ата-аналар комитеті: А.Т Абдрахманова**

**Кәсіподақ ұйымының төрайымы: А.М Кенжеханова**

**Мектеп медбикесі:Л.Д Ахметова**

**Әлеуметтік педагог: А.С Муканова**


**Күн тәртібінде қаралған мәселе**

- Дайын тағамдардың сапасын бақылау;
- Тыйым салынған өнімдер;
- Тамақ өнімдерін сақтауға қойылатын талаптар;
- Қойма бөлмелері және тоңазыту камераларына қойылатын талаптар;
- Перспективалық мәзірге қойылатын талаптар;
- Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар;
- Асхана ыдысына қойылатын талаптар;
- Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасына қойылатын талаптар







**Тындалды:** Дайын тағамдардың сапасын органолептикалық бағалау жүргізілді, талапқа сай, органолептикалық бағалау журналы бар жүргізіледі.



Тыйым салынған өнімдер қаралды құрамында жасанды бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргеніштер, дәм күшейткіштер және тәттілендіргіштер бар шұжық өнімдері, сосискалар және басқа өнімдер тексерілді, сатылымда аталған өнімдер жоқ.




Тамақ өнімдерін сақтауға қойылатын талаптар тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайларында: температуралық-ылғалдық, жарық режимі, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар көршілестігі сақталған талапқа сай. Журнал жүргізілген.




Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар күн сайын дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылған, сынамалар тоңазытқышта қақпағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен немесе демалыс күнінен кейін 48 сағатқа сақталаған.



Асхана ыдысына қойылатын талаптар жарықтары, сынығы бар, шеттері сынған, деформацияланған, эмалі зақымдалған ыдыстар жоқ, ыдыстардын сақтау ережелері сақталған.



Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасына қойылатын талаптар, асхана тазалығы, тақтану залы, өңдейтін, тазалайтын құралдары бар талапқа сай.



Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады.



Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялардан тексеру барысында ешқандай кемшіліктер анықталған жоқ.

#### Қабылданған шешім:

Асхана ыдысына қойылатын талаптар, шикізаттар мен дайын тамақ өнімдерінің сапасы, қойма бөлмелері және тоңазыту камераларын сақталу нәтижесі талапқа сай. Тамақ өнімдерінің сапасы, сақталуы, асхана тазалығы «қанағаттанарлық» деп таңылсын.

Төрағасы: *[Signature]* А.Құмарбекұлы

Хатшы: *[Signature]* А.С Муканова